



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Ұлттық мессиандық және «Лир  
патша» туындысындағы ағылшын  
топонимдері



**Мақсаты:** Шекспирдің «Лир патша» трагедиясын Чжечоль Ким жасаған талдауымен және пьесаның топографиясын семантикалық сипаттаумен танысу.

**Тірек сөздер:** Шекспир, мессиандық, ұлтшылдық, ұлт, ағылшын, шотландтық, Кент, бір-тектілік.

«Әдебиет теориясы» антологиясын құрастырушылар Джулия Ривкин мен Майкл Райан сіздерге философия докторы, Сеул қаласындағы Хансунг университетінің ағылшын тілі профессорының ассистенті Чжечоль Кимнің эссесімен танысуды ұсынады.

Автор Шекспирдің «Лир патша» драмасын алып, ондағы Джеймс патшаның (Яков I) таққа отырған кезіндегі ағылшын ұлтшылдығын әңгіме өзегіне айналдырады. Оның Патшалықтар одағын насихаттауы патшаның «Шотландтардың натурализациясы» жарғысына қол қоюға итермеледі. Бұл дегеніміз – тарихи фон. Шекспир, Джеймстің құзырындағы ағылшын азаматы ретінде шотландтық монархтың Патшалықтар одағы туралы өтініші мен өзінің ағылшын жеріне деген адалдығы арасында қалып қойды. Сөйтіп, Чжечоль Кимнің эссесінде мұндай қарама-қайшылықтар Шекспир пьесасындағы текстуалды-ұлттық көпмағыналылықты қалыптастырып, Ханс Кон атаған «ұлттық мессиандықты» саяси тұрғыдан дамыта түсті.

### Ұлт пен табиғат

Лир патша – обскур-камерасы, былайша айтқанда, қараңғы бөлме. Джеймстің (Яков I) патшалықтар одағын саяси насихаттау бейнесін қалыптастырады. Пьесаның астарлы мазмұнын аша отырып, Мария Акстон мен оның артынан ергендер «Лир патша» көптеген сілтемелермен жарияланғанын көрсетуге тырысқан (1603). Джеймстің Одақты құру үшін ұсынған дәлелдемелері былайша сипатталады: «Тәңірдің өзі осы екі патшалықты (Англия мен Шотландия) тілі және діні, тағы басқа ұқсастықтарына қарай біріктірген жоқ па? Тәңірдің өзі бізді жан-жағы теңізбен шектелген бір Аралда жаратқан жоқ па?... Бұл екі ел бір-бірінен не теңіз, не ұлы өзен, не таулар, не басқа да табиғат күштері жағынан бөлінбеген. Оларды бөліп тұрған тек кіп-кішкентай өзендер немесе әбден мүжіліп біткен қабырғалар. Сондықтан екі елді адамның қабылдау дәрежесі ғана бөліп тұр деуге болады. Енді бірігетін кез келді. Оның үстіне екі патшалықтағы құқықтар мен шендер менің қолыма өтті. Соның арқасында біздің бабаларымыздың табиғи тегін көрсететін кішкентай ғана әлем қалыптасты...».

Джеймстің саяси риторикасында патшалық, ұлт және табиғат – бірыңғай жүйе. Сөйтіп, патшалықта заңдардың бір ғана жүйесі, бір ғана дін, бір тіл, бір парламент, бір патша мен бірыңғай ұлт болуы тиіс. Джеймстің таққа отыруы Британияның патшалық және ұлттық құрылымын біріктірді. Оған себеп Британ аралдарында территориалды-типографиялық айырмашылық жоқ. Ұлт – бір организм. «Тәжді» «ұлтқа» немесе «патшаның тұлғасын» «елге» теңеу абсолютті талабы шотландтық егемендікті риторикалық шеттетіп тастайды. Бұл насихат көп ұзамай «шотландтықтарды натурализациялады». Соған қарамастан, Джеймстің құзырындағы ағылшын азаматтары үшін антиұлттық талаптар қою орынсыз болар еді?! Қауымдар палатасы бұл талаптарды екі себепке байланысты қабылдамады: біріншісі – шотландтықтардың жергілікті ағылшындармен құқықтары бірдей болғанын қаламады; екіншісі – Англияның көне және ардақты есімінен бас тартқысы келмеді.

Осылайша, Одақ ағылшын парламентінің рұқсатынсыз-ақ құрылды. Джеймс, ақыр аяғында, өзіне «Ұлыбритания патшасы» атағын «жариялады». Ал Френсис Бэконның сөзіне сүйенсек, бұл Одақ жарияланған атақты хаттарда немесе басқа да келісім-шарттарда қолдануға болғанмен, «соттық тексеру, құқықтық акт немесе куәландыру» үшін жарамсыз болып табылады.

Парламенттің Джеймс талап еткен шотландтықтарды натурализациялау әрекетінен бас тартуы – Одақты құрудың міндетті шарты болды. Қауымдастықтар палатасы көтерген мынадай сауал туындады: «Адалдықтың басты межесі не? Немесе кім? – Патша ма, әлде жер ме?». Бұл фраза шотланд монархының ағылшын мемлекеттілігінің Патшалықтар одағына адалдығына күмән келтіреді. Ақыр соңында, Олбани герцогының насихатына қарасақ, «монархия» мен «ұлт», «патшаның тәні» және «ұлттық жерлер» ұғымдарының айырмашылықтары бар екенін көрсетеді. «Лир патшаның» ұлттық-саяси контекстінің мәні зор.



Территориалды бөліну туралы мәселені Лир патша ашық талқылайды: пьесада Одақ мәселесі сөз етіледі, алайда қарама-қайшы бағытта қаралады. Шекспир Джеймстің (Яков I) жақтастарының шағымын ұлттық-саяси мәселе деп қарайды. Сыншылар Шекспирдің олардың саясатына деген қатынасын анықтауда қиындыққа тап болады. Виктор Тернер ойынша, қауымдастықтар бойынша белгілі бір қатынастарды айқындау үшін оларды уақытша тоқтату керек. «Лир патша» пьесасы бұл тұрғыда қауымдастық немесе реттілік сезімдерін тоқтату үшін алғышарттар қалыптастырады. Бұл алғышарттар – территориалды бөліну мен азаматтық соғыстар. Басқаша айтқанда, патшалықтарды бөлу трагедиясы ақыр соңында, Аннабель Паттерсон мен Лия Маркустың айтуынша, Джеймстің құзырындағы шотланд азаматтарының ағылшын халықтарымен территориалды бірлігі және оны қабылдау қажеттілігін тудырды.

Ч. Ким айтқандай, Шекспирдің туындысын абсолютизмді саяси насихаттайтын шығарма деп тануға болмайды. Себебі онда Джеймстің саясатына қарсы бағытталған полемика сипатталған. Франко Мореттидің сөзінше, Шекспирдің мәтіні монархиялық суверенитетті иесіздендіріп, иррационалдандырады. «Лир патша» туралы мұндай әрқилы пікірлер пьесада көрсетілген шотланд монархының таққа отыруына қатысты туындаған. Сондай-ақ «Лир патша» британ монархиясы мен ағылшын мемлекеттілігі, патша мен ағылшын жері, шотландтық монарх пен ағылшын парламенті арасын теңеген. Ең бастысы – екіұшты саяси тәуелділік ағылшындардың, Акстон айтқандай, «сезінгені» мен Олбани герцогтың (шотланд монархы) алдында саяси шағымдар туралы «айтылуы тиіс» сөздері арасында үлкен алшақтықты тудырады. Мұны Шекспир ағылшын азаматы ретінде талқылаған болса керек.

Джеймс бұл алшақтықтарды алдын ала болжап білді деуге болады. Сондықтан Шекспир «Лир патша» трагедиясында «Англия» сөзі мен одан туындаған барлық сөздерді Одақ аясындағы дауларға байланысты қолданбайды.

### Ұлт және оның шығу тегі

Ч. Кимнің ойынша, пьесадағы «табиғат» және «ұлт» сөздерінің семантикалық ерекшеліктері бар. Эдмундтың сөзінде «туылуы» (шығу тегі), «туыстық», «жекеменшік», «байланыс», «ұлт» секілді сөздерге сілтеме жиі жасалғанын көруге болады. «Шығу тегі» деген ұғым «ұлт» және «табиғат» сөздерінің жалпы этимологиясын ажыратып, пьесаны тақырыптық жағынан біріктіреді. Шекспирдің заманында «шығу тегі» ұғымы ұлт ұғымымен, сондай-ақ, туыстық және отбасы ұғымдарымен тығыз байланыста болған. Шекспирдің шеберлігі ұлт, халық және қоғамдық орта мәселелерін тұрмыс, жекеменшік және тұлғалық кеңістіктік мәселелерімен байланыстыруынан көрінеді. Сөйтіп, «ұлт» сөзінің мағынасы – отбасының тегі, алғашқы құқық, заң және мемлекет ұғымдарын білдіреді. Соған қарамастан, «ұлт» пен «табиғат» арасындағы бірліктің этимологиялық түбірі бір (ағылшынша «nation» және «nature»). Ал пьесада осы екі ұғымның арасында антогонизм байқалады.

XVI–XVIII ғасырлардағы ағылшын тілінде «табиғат» сөзі бір-біріне қарама-қайшы екі ұғымды қамтиды: біріншіден, «жекеменшікті, артықшылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беру құқығы» және екіншіден, «адамның генетикалық, бірақ заңдылық тұрғыдан емес, әкесімен байланысы, мәселен, некеден тыс». Бұл семантикалық екіұштылық пьесада айқын көрінгендіктен, Лир патшаның трагедиялық қиындықтары некесіз туған ұлы Глостермен байланысты. Кейіннен Глостер «адал және заңды баласына» айналады. «Шығу тегі» ұғымы пьесада айқын ашылмаған, жұмбақ сипатталған. Пьесаның қорытынды бөлімінде Риган Гонерилья уланған соң, у «дәрі» деп аталады. Ал «табиғат/шығу тегі» ұғымдары «дәрі» және «уға» айналады.

Сөйтіп, табиғат/шығу тегі мәселелері ұлт/шығу тегі мәселелерімен контекстуалды деңгейде көрінеді. Джеймс (Яков I) Британия туралы түсінікте ұлт/табиғат және ағылшын жеріне шын берілген ағылшын азаматтарының саяси айнымастығы ұғымдарының арасын біріктіруге тырысады. Пьесада болса, «табиғат» пен «мемлекеттілік» ұғымдары бір-біріне қарама-қайшы қойылған.

«Лир патша» пьесасында шығу тегі – табиғи жолмен жүзеге асырылмаған. Ч. Кимнің түсінігінше, «ұлт» және «табиғат» ұғымдары арасындағы семантикалық айырмашылық пьесаны талқылауға негіз болады. Джеймс оның патшалық шығу тегімен, табиғатпен және



ұлтпен байланысына қарай Одақтың заңды екенін дәлелдеуге тырысады. Алайда Шекспирдің пьесасында Джеймстің қол астындағы ағылшын азаматтарының жүрегінде де «Британия» мен «Альбион» бірлік ретінде қабылдана алмайды. Сөйтіп, Ч. Кимнің сөзіне сүйенсек, Глостердің ескертуі монархия мен ұлт арасындағы шиеленісті айқын бейнелеп тұр: «Патшаның шыққан тегі туралы есектерге байланысты тақтан құлауы».

«Лир патша» драмасында ақырзаман мен күннің тұтылуы туралы сөз етілгенінен қарамастан, пьесада христиандық әсер байқалмайды. Стивен Гринблат пьесада діни бейнелер бар, олар алаяқтық бейнелері секілді көрінетінін жазады. Соған қарай Ч. Ким өзінің сұрағын ұсынады: егер пьеса рухани немесе идеалистік сенімді жоққа шығаруды мақсат етсе, пьесада адамның діни сезімдері қалай туындаған? Басқаша айтқанда, пьесада діни импульстер немесе сарындар бар ма? Бұл сұраққа жауап беру үшін Ч. Ким Лир патшаның метафизикалық тілегіне, сондай-ақ ақырзамандық және мессиандық сарындарға, ең алдымен, саяси, одан кейін ұлттық және топографиялық тұрғыдан талдау жасауы керек. Оның жауабы, Ч. Ким ескерткендей, Бенедикт Андерсонның «ұлт» ұғымы қоғамның діни наным-сенімі ұғымының орнына қолданылған, демек ұлт ұғымы дін ұғымына жақын деген пікіріне сай келеді.

Ханс Кон ұлтшылдықтың түбірін иудей-грек мәдени мұраларындағы еуропалық қоғам ішінен іздеуге тырысады. Ол «қазіргі заманғы ұлтшылдықтың негізгі үш белгісі иврит тілімен бір дәуірде пайда болған: олар – адамдардың таңдаулы екендігі туралы идея, өткен мен болашаққа деген үміт туралы жалпы естеліктер, ұлтшыл мессиандық» деген пікір айтады.

Ч. Ким пьесадағы кешірімшіл кейіпкерлер мен идеялар Корделияның бейнесіне жинақталғанын айтады. Граф Кенттің Корделиядан хат алуы – баяндаудың аяқталуы кейінге қалдырылғанын және мессиандық күту басталғанын білдіреді. Алайда Корделияның бейнесінде ұлттық-аймақтық астарлы мән жасырынған. Шекспирдің «Лир патшадағы» поэтикалық шеберлігі Корделия мен граф Кент – Лирдің ең сенімді қызметшісі арасындағы байланыстан айқын көрінеді. Ол да Эдгармен бірге, бұзылып біткен отанындағы шынайы жігіттік символы. Міне, осы жігіттік қартайған патшаның еркек кіндікті мұрагерінің болмауына байланысты жойылып кеткелі тұр.

Сөйтіп, Корделия пьесада Лирдің жалғыз заңды мұрагері болып суреттеліп, метафоралық тұрғыдан ағылшын ұлтын бейнелесе, граф Кент – оның жігіттік бейнеленуі. Мұндай түсіндірме аймақтық метафоралармен дәлелденген. Валери Трауб «Лир патшада» анатомиялық дискурстар картографиялық дискурстарды қалыптастырып, метафоралағанын дәлелдеуге тырысады. Бұл бақылаудың нәтижесінде, мәтіннен Корделия мен граф Кент арасындағы анатомия-топографиялық ассоциацияны көруге болады. Граф Кент – «Гордобуктағы» Эддулавтың және «Лир патшадағы» Перилланың аналогі (бұл екі туынды да Шекспирдің шығармасы) екені, алайда адалдықты аймақтық және топографиялық ресімдеу – Шекспирдің ағылшын сәйкестігін көрсетуге тырысқан жаңалығы.

Лир Корделиямен дөрекі сөйлескенде, граф Кент «жүрегіне жебе қадалғандай» сезінеді, Корделияның жүрегі, өзі айтқандай: «Мен терең тыныс ала алмай жатырмын, құдды бір жүрегім аузыма тығылғандай» – ағылшын азаматының – Кент графтығының аймақтық жүрегін бейнелейді. Пьесаның басында олар қуылады, сонда да пьесаның соңына дейін Лирдің көлеңкесі секілді оқырманға өздерінің бар екенін білдіріп отырады. Пьесаның соңына қарай граф Кент жалынышты үнмен: «Сіздің сәтсіздігіңіз басталғалы бері қайғылы адасуларыңыздың артынан еріп жүрміз», – дейді. Алайда бұл фразаны Лирдің сайқымазағына қатысты да қолдануға болады.

Тағы бір маңызды жайт – Корделияның тұлғасы белгілі бір аймақтық ағылшын географиясымен тығыз байланысты, оның талап-тілектері сол күйі жас қызға тән болып қалуда: «меніңше, мен әпкелерім секілді күйеуге тимейтін сияқтымын» деген ойы әлі де зерттеуді қажет етеді. Луи Монтроз Елизавета патшайымның билігі тұсында мемлекет Бикеш культін берік ұстап, оның билігін дәріптеуге тырысқанын айтады. Егер Корделия, Елизавета секілді, патшалық шыққан тек пен ағылшын мемлекетін біріктірген қыз бейнесіндегі ұлттық икона болса, Кент графтығы – Корделияның пәктігін, топографиялық және аймақтық тұрғыдан алғанда, ұлттық қорғанды білдіреді.

Кенттің сипаттамалары Елизавета мен Джеймс дәуіріндегі топографияда жиі кездеседі: мәселен, Уильям Камден Кентті – бұзылмаған территория ретінде сипаттайды: «бұл графтық



(Кент) ешқашан жауланып алынбады... алайда бейбітшілікке қол қойып, жаулаушының билігіне бағынып, өзінің бұрынғы еркіндігі, иммунитеті мен дәстүрлерін сақтап қалған. Егер Елизавета патшайымды – жеңілмейтін географиялық ұлттық символ ретінде сипаттасақ, оны Кент графтығы дер едік. Кенттің Лир патшаға топографиялық адалдығын терең зерттеуге болады. Елизавета мен Джеймс дәуірінде жер – персонификациялық бейне ретінде шығармаларға жиі сарын болған. Хэджерсонның пікірінше, бұндай локализациялы адалдық монарх билігіне қарсы қойылып, ұлттық-аймақтық сәйкестікті ерекше белгілеп көрсетті. Майкл Дрейтон өзінің «Поли Олбион» шығармасында Кент графтығын ұлттық ағылшын тарихының иесі ретінде бейнелейді. Әсіресе, автордың проағылшын ұлтшылдық көзқарасы оның графтықтың жерін, сулары мен тауларын, ауылдары мен қалаларын сипаттауынан айқын көрінеді. Кенттің жері, әсіресе, Медуэй өзені – ағылшын-саксондардың француздарды, ирландтарды, валлийлерді және шотландтарды жеңуінің ұзын-сонар тізбегі.

Графтықтың қайталанбас пәктігімен бірге, Кент – ағылшын-саксон этникалық территориясы болып табылады. Ол «шетелдік заңдардан» ұлттық еркіндікті азат етіп, қайта қалпына келтіреді; бұл аймақтық аргументті Шекспир «Лир патшада» ұлттық мессиандықты Кенттің бейнесінде сипаттау себебінен түсіндіруге болады.

Кент графтығы – радикалды утопиялық «теңестіру саясаты»; алдыңғы мәтінде кездесетін «дәстүрлер» сөзін ерекше атап өту керек; бұл сөз Кенттің контекстінде және оның аймақтық экономикасында жиі қолданылып, кенттік «гавелкайндтың» (өсиетхат болмаған жағдайда да, марқұмның балалары арасында жер меншігін тең бөлу) ескі әдеті мағынасын берген. Камден оны былайша интерпретациялайды: «Англияның кез келген жерінде жалдама құқығына, иелік дәстүріне немесе арендатордың құқығына байланып қалмаған барлық туыстарына таратып беріндер. Алайда әрбір жағдайда әр адам – толыққанды иелік иесі болып, өзінің тиесілі бөлігін алуы керек». Одан ары былай жалғастырады: «Себебі мұндай жерлер еркек кіндікті балалары, ал ұлдары болмаса, қыздары арасында теңдей бөлінуі керек». «Гавелкайнд» ұғымы Уильям Ламбардтың «Кент графтығын инспекциялау» кітабында айқын көрінеді. Ламбард үшін Кент – йомендер мен қарапайым адамдардың дәстүр құқығы бойынша жері, «Кентте құлдар ешқашан болмағанына бәрі келіседі». «Лир патшаның» мәтінінде жекеменшікті бөлу, сондай-ақ, некесіз туылған балаларды құқығынан айыруы (Эдмунд пен шаруалар қарсы бас көтерген) бойынша әртүрлі дәстүрлерден туындайтын әлеуметтік тартыстар байқалады.

«Лир патша» пьесасының соңына қарай оқиға Дуврға жылысады. Дувр – Кент графтығындағы кішігірім порт немесе бекініс: баяндау траекториясы ақырындап оңтүстікке жылысады, құдды бір солтүстікпен қауіпті байланыстан қашып кеткісі келгендей. Дуврда Корделияның француз әскері тұрақтап, Эдмундтың британ әскери күшін жеңуі мүмкін. Десек те, бұл түсінікті дұрыс деп айтуға болмайды. Себебі пьесаның ұлттық бастауын ескере отырып, «француздық сәйкестік» ағылшындар тарапынан қолдау таппаған. Дуврдағы географиялық локализацияның себебі мәтінде айқын көрінбеген, Корнуолл мен Риган Глостерді Лирдің қайда екендігін анықтау үшін сұраққа алғанда, олар байқамай үш рет: «Неге Дувр?» деп қайталайды. Кеңістіктік централизациялауға жауапты Глостер келесі актіде береді. Алайда Глостердің жауабы Шекспирдің геосаясатын толыққанды түсінуде жеткіліксіз болады. Соқыр Глостер, ұлы Эдгардың көмегімен Дуврға тарихи сапарға аттанады. Ч. Кимнің ойынша, Дувр – ағылшындардың шыққан тегі мен сыртқы келбетінің арасындағы мәдени-ұлттық аралық табалдырық болып табылады. Джеймстің Патшалық одағына біріктіріліп, Дувр – тұрғындары Британ патшалығының абсолютті талаптарын талқылап отыратын орын саналады. Ағылшын қызметшілері, соның ішінде Шекспир үшін бұл орын – «(ағылшындар) сезінгені» мен «(ағылшындар) айтуы тиіс» ұғымдары арасындағы шиеленісті болдырмайтын жер.

Ч. Кимнің ойынша, Дуврдың кенттік ағылшын сәйкестігіне мұқият зерттеу жүргізу керек. Жоғарыдағы Глостердің сөзінде Глостер мен Эдгардың «қажылығының» басталғаны айқын көрінбейді. Алайда Эдгар мұнда «жынданған бейшара» бейнесінде жасырынған. Бұл оның лондондық провинциалды субъективтілігін білдіреді. Жолай Глостер мен Эдгар Лондоннан Кентербериге апаратын жолда орналасқан Уотлинг-стриттен өтеді. Сөйтіп, олар Кент графтығы арқылы ұзақ жол жүреді. Кентте Кентерберидің қасиетті ұлттық орны бар. Осы жерге біздің пьесаның кейіпкерлері «қажылыққа» барады. Эдгар мен Глостер Дуврға дейін Кент графтығы арқылы жүріп өткен жолдар – Корделия мен Кент графтығына сәйкес келетін геосаяси жер секілді.



Шындығында, кейіпкерлердің барар жері – Дувр шыңы, ол Шекспирдің ағылшын ұлттық қиялын білдіреді. Бұл құзар шың ағылшындарды басқа ұлттар мен мәдениеттерден сақтайды. Теңізге шығатын және француздың Кале қаласына қарсы орналасқан бұл аумақ Британ аралдарын географиялық тұрғыдан біріктіріп, континенталды ықпалдардан қорғайды. Ламбардтың «Кент графтығын инспекциялау» кітабында 1216 жылы франк-норманд шапқыншылығы кезінде Дувр Англиядағы бес ірі порттың арасындағы жеңілмей қалғаны болған. Ал кейінгі жылдары ол Губерт де Бургтың ең ұлы жеңісіне айналған.

Сөйтіп, Дувр – британ порты контингенттің шабуылына ұшырап, шетелдік басқыншыларға қарсы тұра білген. Ламбард Дуврдың геосаясатын «бүкіл территорияны реттеп отыратын клиф және Англияның жүрегінің кілті» ретінде бейнелейді: ағылшын мемлекеттілігінің бұндай синекдохалық бейнеленуі – басқа ұлттарға мойынсұнбайтындығын білдіреді.

Демек, «Лир патшада» Дувр – кешірім сұрауға арналған қасиетті ұлттық орын болып сипатталуы – кездейсоқтық емес. Дувр – ақынның трагедиялық қайшылықтары шешімін табатын әдеби орын; мұнда Эдгар, граф Кент пен Эдмундтың тұлғалары қайта қалпына келтіріледі; мұнда күші жойылған немесе жоғалып кеткен бұйрықтар мен себептер әрекетке түседі. Дувр – ағылшын құндылықтарының Корнуолл мен Олбанидің кельттік қорлауларына қарсы тірек. «Лир патша» Джеймстің Патшалықтар одағын дәріптеуі тұсында жазылғанын ескере отырып, Дувр – ағылшын қызметшілері герцог Олбани мен оның шотландтық қызметшілеріне қатысты сезімдері туралы еркін айта алатын орын екенін айта кету керек.

К. Чим бұл символикалық орынды – нағыз ксенофобты британдық ұлттық эпитет деп есептейді. Ол – Дуврдың ақ клифі (жартас) Альбионнан өзгеше. Бұл тек ағылшындарға тән орын, оның британдық атауы гэль тіліндегі «альба» сөзінен алынған. Түбірі – шотланд монархы Олбанидің атымен байланысты. Пьеса британ тарихының Артурға дейінгі дәуірлерін сипаттауға арналғанын ескеріп, «Альбион» сөзі олардың тарихи шыққан тегі туралы британдық (ағылшындық емес) мифке байланысты туындағанын айта кету керек.

Шындығында, Джеймстің: «Альбион бірыңғай бүтінге айналсын!» деген фразасы сол уақыттағы ең қауіпті саяси тезис болған, оны патшаның құзырындағы ағылшын азаматтары барынша мойындамаған. Сөйтіп Шекспирдің Дувр туралы саяси және семантикалық сипаттамасы әбден бұзылды: Дуврдың екі жақты ұлттық-мәдени мағынасы ортақ ауыспалы мағынаға алып келмейді. Себебі ағылшын сәйкестігі мен монарх Альбионның (Шотландия) талап-тілектерін не қанағаттандыра алмайды, не біріктіре алмайды.

## Герцог Олбани және Макбет

Шекспирдің Лир патша туралы трагедиялық әңгімесі герцог Олбаниді жүрегі мейірімді жанға айналдырады. Пьесада герцог Олбани шотландтықтармен бірігуді ұсынып, өте күрделі кейіпкерге айналады. Олбани жерді бөлуді қолдайды, сонымен қатар, соңына қарай Англияның жоғалып біткен тәртібін қайта қалпына келтіреді.

Талдауды аяқтай келе, «Лир патша» пьесасының Quarto және Folio нұсқаларында төмендегідей айырмашылықтар бар деп тұжырымдауға болады: Quarto нұсқасы патшаның алдында жазылған, сондықтан қорытынды сөз герцог Олбаниге берілген. Folio нұсқасында елдің бұзылып біткен тәртібін Эдгар қалпына келтіреді.

Майкл Уоррен екі нұсқадағы мәтін айырмашылықтарын былайша саяси интерпретациялайды: Quarto нұсқасында Эдгар – әлі жетіле қоймаған жас жігіт, ал герцог Олбани – қарапайым, бірақ, рухани күшті және шыншыл адам. Folio нұсқасында Эдгар ықтимал билеуші, тәуекелшіл жан, ал герцог Олбани – әлсіз, өз міндеттері мен жауапкершілігінен бас тартқан жан. Алайда екі нұсқада да елдің болашағына деген оптимистік көзқарас жоқ, Folio нұсқасына қарағанда, болашаққа бағдар – бұлыңғыр, ал жас Эдгар тәжірибесіз билеуші, ешкімнен қолдау көрмеген.

Майкл Уорреннің тұжырымы бойынша, Шекспир ағылшын сәйкестігін шотландтардан жоғары көрсетуге тырысады. Біз Folio нұсқасын ең соңғы және өңделген нұсқа деп танымыз. Folio нұсқасында Шекспир шытырманға толы финал жасауға тырысқанымен, ол герцог Олбаниге ұлттық тәртіп орнатуға мүмкіндік бермейді.



Осылайша Чжечоль Ким Quarto және Folio нұсқалары арасындағы редакциялық айырма – монархтың шотландық шыққан тегіне саяси адалдығы мен автордың ағылшын мемлекеттілігі мен сәйкестікке деген адалдығының арасындағы бөлінуден көрінетінін жазады.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Ағылшын ұлттық messiандығының мәні неде?
2. Шекспирдің пьесасындағы ағылшын топонимдері нендей астарға ие?
3. Ағылшын топонимдерін қолдану Шекспирге өзінің ағылшын біртектілігіне деген адалдығын көрсетуге қалай көмектеседі?

### Әдебиеттер:

1. Anderson Benedict. Imagined Communities: Reflection on the Origin and Spread of Nationalism. – London: Verso, 1991.
2. Axton Marie. The Queen's Two Bodies: Drama and the Elizabethan Succession. – London: Royal Historical Society, 1977.
3. Camden William. Britannia. The Philological Museum. The University of Birmingham// <http://www.philological.bham.ac.uk/cambrit>.
4. Montrose Louis. A Midsummer Night's Dream and the Shaping Fantasies of Elizabethan Culture: Gender, Power, and Form// *Rewriting the Renaissance: The Discourse of Sexual Difference in Early Modern Europe*. – Chicago, IL: University of Chicago Press, 1987.
5. Warren, Michael. Quarto and Folio King Lear and the Interpretation of Albany and Edgar// *Critical Essays on Shakespeare's King Lear*. – New York: G. K. Hall, 1996.